



«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы
«Дентальды имплантология және сандық технологиялар» пәннің жұмыс бағдарламасы
«6B10103-Стоматология» білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пәннің коды: DI 6301-1	1.6	Оқу жылы: 2023-2024
1.2	Пәннің атауы: «Дентальды имплантология және сандық технологиялар»	1.7	Курс: 6
1.3	Реквизитке дейінгі: Хирургиялық стоматологиясы,	1.8	Семестр: 11
1.4	Реквизиттен кейінгі: Эстетикалық және сандық ортопедиялық стоматология.	1.9	Кредит саны (ECTS): 5 /150
1.5	Цикл: БП	1.10	Компонент: ТК
2.	Пәннің сипаттамасы		
Стоматологиялық имплантацияның анатомиялық алғышарттары. Дентальды импланттарды қолдану көрсеткіштері мен қарсы көрсетілімдері. Науқасты имплантацияға дайындау-тексеру (психологиялық, клиникалық, рентгенологиялық, зертханалық). Сандық технологияларды қолдану арқылы Диагностика және имплантация әдісімен пациенттерді емдеуді жоспарлау. Остеоинтеграция құбылысы, осы процесті оңтайландыруға әсер ететін факторлар.			
3.	Жиынтық бағалау нысаны		
3.1	Тестілеу	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша ✓	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	практикалық дағдыларды қабылдау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
Ауыз қуысында эстетикалық және функционалдық бұзылулары бар пациенттерге денталды имплантациялау арқылы көмек көрсетуде, диагностиканың жалпы принциптерін, семиотиканы және ауыз қуысының ақауларын түзетуді меңгеруде білім мен дағдыларды қалыптастыру, дентальды имплантация мамандығы бойынша негізгі кәсіптік мануальды дағдыларды қалыптастыру.			
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)		
ОН 1	Денталды имплантацияны жоспарлау барысында науқастарды қарап-тексеру кезінде қолданылатын диагностикалық дағдыларды меңгерген.		
ОН 2	3D технологиясымен жұмыс істейді, КТ, панорамалық суреттерді оқиды.		
ОН 3	Имплантациялаудың хирургиялық кезеңін жүргізу кезінде қолданылатын жергілікті жансыздандыру дағдыларын меңгерген.		
ОН 4	Ауыз қуысында денталды имплантациялау барысында бағытталған сүйек және тіндік регенерациясын жүргізу және пародонт ауруларын емдеу әдістері бойынша дағдыларды меңгерген, алған клиникалық білімдерін қолдана алады.		
ОН 5	Денталды имплантациялау арқылы орнатылған протездермен тіс қатарын, жоғалған функцияларын (шайнау, сөйлеу т.б) қалпына келтіру, орын алу мүмкін асқынуларының алдын алу бойынша іс-шараларды жүргізу дағдыларын іске асырады.		
ОН 6	Әріптестермен, мейірбикелермен және кіші қызметкерлермен, пациенттермен және олардың туыстарымен тиімді қарым-қатынас жасайды, хирургиялық қабылдауда пациенттер үшін психологиялық-педагогикалық сендіру әдістерін қолданады.		
5.1	Пәннің ОН	Пәннің оқыту нәтижелерімен байланысты, ББ оқыту нәтижелері	



	ОН1	ОН1 Диагноз қою үшін алған медициналық білімін, меңгерген клиникалық дағдыларды, негізгі және қосымша зерттеу әдістерін қолданады.				
	ОН1,ОН2	ОН2 Зерттеудің заманауи аспаптық, зертханалық және функционалдық әдістерінің нәтижелеріне талдау жасап,бағалай алады, қолданады.				
	ОН3, ОН4, ОН5	ОН3 Жаңа технологияларды, емдеудің өзекті хаттамаларын, заманауи жабдықтар мен материалдарды қолдана отырып емдеу жоспарын жасайды және іске асырады.				
	ОН6	ОН7 Медициналық этика және деонтология қағидаттарын сақтай отырып, пациентке бағдарланған қауіпсіз көмек көрсетуді қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау жүйесіндегі әріптестері және мамандарымен, пациенттермен және олардың отбасы мүшелерімен өзара іс-қимыл жасайды				
	ОН6	ОН8 Өзінің білімі мен практикалық дағдылар деңгейін арттыра отырып, өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеу мен дамытуды жүзеге асырады, өз жұмысында мінез-құлықтың жоғары этикалық қағидаттары мен жүріс-тұрыстың стандарттарын көрсетеді.				
6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Өтетін орны (ғимарат, аудитория):Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы, «Хирургиялық және ортопедиялық стоматологиясы» кафедрасы. Әл-Фараби алаңы, № 2 корпус, I-қабат. Электр онды почта: Stom_2018@inbox.ru					
6.2	Сағаттар саны	Дәрістер	Тәжіриб. Саб.	Зерт. Саб.	БӨЖ	ОБӨЖ
			50	-	64	36
7.	Оқытушылар туралы мәлімет:					
№	Аты-жөні	Лауазымы және дәрежесі	Электронды почтасы	Ғылыми қызығушылықтары	Жетістіктері	
1.	Шукпаров А.Б	м.ғ.к доцент м.а	a_stom@mail.ru			
2	Казенов П.М	ассистент	Stom_2018@inbox.ru			
8.	Тақырыптық жоспар					
Апт а/кү н	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағ. саны	Оқыту түрлері/әдістер і/оқыту технологиялар ы	Бағалауд ың түрлері/ әдістері
1	Тәжірибелік сабақ. Стоматологиялық имплантологияның дамуына қысқаша шолу. Имплантолог дәрігердің жұмыс орнын ұйымдастыру және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету	Стоматологиялық имплантологияның дамуына қысқаша шолу. Имплантолог дәрігердің жұмыс орнын ұйымдастыру және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету	ОН1	5	Тақырыптың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстардың орындалуын талдау, презентация	ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау



	БООЖ/БӨЖ Компьютерлік томография және бағдарламалар көмегімен импланттарды орнатуды жоспарлау. 3D Дентальды компьютерлі томография	Компьютерлік томография және бағдарламалар көмегімен импланттарды орнатуды жоспарлау. 3D Дентальды компьютерлі томография	ОН2 ОН6 ОН7	3/4	презентация	Презентацияны бағалау
2	Тәжірибелік сабақ. Денталды имплантацияның қолдану көрсеткіші мен қарсы көрсеткіші. Оларды дайындауды қолданылатын материалдар және оларға қойлатын талаптар	Биоинертті, нейтралды, остеоиндуктивті және остеокондуктивті жадығаттар.	ОН2 ОН6	5	Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстардың орындалуын талдау,	ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау
	БООЖ/БӨЖ Жоғарғы жақтың біршама сему кезіндегі имплантациясы.	Жоғарғы жақтың біршама сему кезіндегі имплантациясы.	ОН1 ОН3 ОН4	3/4	презентация	Презентацияны бағалау
3	Тәжірибелік сабақ. Имплантаттар түрлері, олардың жіктелуі. Оларды дайындауды қолданылатын жадығаттар және оларға қойлатын талаптар	Имплантаттар түрлері, Мише бойынша альвеолярлы қыры түрлерінің жіктелуі.	ОН1 ОН2	4	Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстардың орындалуын талдау, презентация	ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау
	БООЖ/БӨЖ Төменгі жақтың біршама сему кезіндегі имплантациясы.	Төменгі жақтың біршама сему кезіндегі имплантациясы.	ОН4	3/4	презентация	Презентацияны бағалау
4	Тәжірибелік сабақ. Винттік және цилиндрлі импланттар. Жоғарғы және төмен жақ сүйегінің семуінде имплантаттарды қолдану Науқасты қабылдау	Винттік және цилиндрлі импланттарды қолдану көрсеткіші, миниимплантаттар дайындау көрсеткіші, бағытталған сүйектік регенерация.	ОН1	4	Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстардың орындалуын талдау, презентация	ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау
	БООЖ/БӨЖ Асқынбаған клиникалық жағдайларда	Асқынбаған клиникалық жағдайларда имплантаттарды	ОН4 ОН6	3/4	презентация	Презентацияны бағалау



	имплантаттарды орнатудың қарапайым хаттамасы. Әрбір тыңдаушының алған білімдерін іс жүзінде қолдануы: сүйек материалына имплантат орнату.	орнатудың қарапайым хаттамасы. Әрбір тыңдаушының алған білімдерін іс жүзінде қолдануы: сүйек материалына имплантат орнату.				
5	Тәжірибелік сабақ. Имплантаттарды пассивациялау, зарарсыздандыру, оларды сақтау (консервация). Жоғарғы және төмен жақ сүйегінің семуінде имплантаттарды қолдану Зарарсыздандыру бөлімінде жұмыс істеу	Зарарсыздандыру түрлері	ОН1	4	Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстардың орындалуын талдау, презентация	ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау
	БООЖ/БӨЖ Импантация (бір мезгілде) жасау мақсатында гаймор қуысын тексеру және жүргізілетін іс-шараларды жоспарлау. Синус-лифтинг әдісін таңдауға ықпал ететін әсерлер.	Жабық синус-лифтинг жүргізуге көрсеткіштері. Жабық синусты жүргізудің әртүрлі әдістері.	ОН2 ОН4 ОН6	3/4	презентация	Презентацияны бағалау
6	Тәжірибелік сабақ. Науқасты имплантацияға дайындау- ота алды кезең (психологиялық, клиникалық, рентгенологиялық, лабораториялық) Ауыз қуысн оперативті іс-шараларға дайындау ерекшелігі. Науқасты қабылдау	Науқасты имплантацияға дайындау- ота алды кезең (психологиялық, клиникалық, рентгенологиялық, лабораториялық)	ОН2 ОН4	4	Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстардың орындалуын талдау, презентация	ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау
	БООЖ/БӨЖ Қысқа имплантаттар немесе сүйек тінінің аугментациясы	Имплант дизайны және оның біріншілік тұрақтылығының маңызы. Жақ сүйектерінің амбулаторлы	ОН1 ОН4	3/4	презентация	Презентацияны бағалау



		жағдайдағы аугментациясы, оның мүмкіндіктері және шекаралары .				
7	Тәжірибелік сабақ. Эндодонтоэндосальды имплантация. Науқасты қабылдау	Имплантация түрлері	ОН4	4	Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстардың орындалуын талдау, презентация	ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау
	БООЖ/БӨЖ дентальды имплантацияға көрсеткіштер Аралық бақылау № 1	дентальды имплантацияға көрсеткіштер	PO4 PO6	3/4	тест	тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау
8	Тәжірибелік сабақ. Эндоосальды имплантация. Құрлымына байланысты оперативті іс-шаралар техникасының ерекшеліктері Имплантанттарды таңдау және операцияға дайындау	Эндоосальды имплантациялауда құрлымына байланысты оперативті іс-шаралар техникасының ерекшеліктері.	ОН2 ОН4	4	Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстардың орындалуын талдау, презентация	ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау
	БООЖ/БӨЖ Жақ-бет протезінде импланттарды қолданудың өзектілігі.	Жақ-бет протезінде импланттарды қолданудың өзектілігі	ОН2,О Н4 ОН5	3/4	Презентация қорғау	Презентацияны бағалау
9	Тәжірибелік сабақ. Трансгингивальды, субпериостальды және субмукозды имплантация. Құрлымына байланысты оперативті іс-шаралар техникасының ерекшеліктері. Муляждарда ота жасауға мүмкіндік беруші жағдай жасау	Трансгингивальды, субпериостальды және субмукозды имплантациялаудың оперативті іс-шаралар техникасының ерекшеліктері	ОН4	4	Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстардың орындалуын талдау, презентация	ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау



	БООЖ/БӨЖ Ішінара адентияны ортопедиялық емдеу кезінде импланттарды қолдану мәселесіне еліміз және шетел мамандарының заманауи көзқарасы.	Ішінара адентияны ортопедиялық емдеу кезінде импланттарды қолданудың елімізде және шетелде заманауи көзқарасы.	ОН4	3/4	презентация	Презентацияны бағалау
10	Тәжірибелік сабақ. Трансмандибулярлы имплантация, қолдану көрсетілімі. оперативті іс-шаралардың техникасы Муляждарда жұмыс істеу	Трансмандибулярлы имплантация, оперативті іс-шаралардың қолдану көрсеткіші. Асқынулары мен оның алдын алу.	ОН2, ОН3, ОН4	4	Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау	ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау
	БООЖ/БӨЖ Толық тіссіз жақты ортопедиялық емдеу кезінде дентальды импланттардың заманауи құрлымын қолдану	Дентальды импланттардың заманауи құрлымын қолдану арқылы толық тіссіз жақты ортопедиялық емдеу	ОН4	3/4	презентация	Презентацияны бағалау
11	Тәжірибелік сабақ. Субпериостальды имплантация, оның кезендері. Қолдану көрсеткіші. Асқынулары және оның алдын алу. Төменгі жақтың белгілі бір ақаулары кезінде винттік және цилиндрлі импланттарды қолдану Науқас қабылдау	Субпериостальды имплантация, оның кезендері. Қолдану көрсеткіші..	ОН4 ОН2 ОН3	4	Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау, тест тапсырмаларды шешу	ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау, тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау
	БООЖ/БӨЖ Тісті имплантациялау кезіндегі асқынулар.	Тісті имплантациялау кезіндегі асқынулар.. Периимплантит, мукозит, имплантатты қабылдамау, остеомиелит.	ОН1 ОН2 ОН5	3/4	презентация	презентацияны бағалау
12	Тәжірибелік сабақ. Тірек ретінде денталді импланттарды қолданып тұрақты және алмалы салмалы протездермен протездеудің биомеханикасы. Имплантациялауда 3D сканер және CAD/CAM	Тірек ретінде денталді импланттарды қолданып тұрақты және алмалы салмалы протездермен протездеудің биомеханикасы. Имплантациялауда 3D сканер және CAD/CAM	ОН1	4	Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау	ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау,



		жасанды сауыттарды дайындау				
	БООЖ/БӨЖ Тістерге арналған стоматологиялық имплантаттар: жіктелуі, көрсеткіштері, құрылымы, орнату кадамдары Аралық бақылау №2	. Тістерге арналған стоматологиялық имплантаттар: жіктелуі, көрсеткіштері, құрылымы, орнату кадамдары	ОН4	3/5	тест	тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау
	Аралық сынақты өткізу және дайындалу			15		
9.	Оқыту әдістері мен бақылау түрлері					
9.1						
9.2	Тәжірибелік сабақтар	Тақырыптың негізгі мәселелерін талқылау, практикалық жұмыстарды орындау, тест тапсырмаларын орындау, ауызша сұрау. Тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау, тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау				
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	Презентация, презентацияны бағалау				
9.4	Аралық бақылау	тест				
10.	Бағалау критерийлері					
10.1 Пәннің оқыту нәтижелерінің бағалау критерийлері						
№	Пәннің ОН	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы	
ОН 1	Стоматологиялық имплантацияны жоспарлау кезінде хирургиялық стоматологиялық патологиясы бар науқастарды тексеру кезінде қолданылатын диагностикалық дағдыларды меңгерген.	1) Диагностикада сауалнама, қосымша тексеруді қарау деректерін жинау дағдыларын білмейді. 2) Имплантация жоспарын жасау дағдыларын меңгермеген.	1) Сауалнама деректерін жинауда, қосымша тексеруді қарауда қиындықтарға тап болады. 2) Жүргізілген тексеру негізінде имплантация жоспарын жасайды, көбінесе оқытушының көмегін пайдаланады.	1) Диагностика дағдыларын ішінара меңгерген, сауалнама, қосымша тексеруді қарау деректерін жинайды. 2) Оқытушының көмегімен жүргізілген тексеру негізінде имплантация жоспарын жасайды.	1) Диагностика дағдыларын сенімді меңгерген, сауалнама, қосымша тексеруді қарау деректерін толық көлемде жинайды. 2) Жүргізілген тексеру негізінде имплантация жоспарын дербес жасайды	
ОН 2	3D технологиясымен жұмыс істейді, КТ, панорамалық суреттерді оқиды.	1) панорамалық суреттерді түсіндірмейді. 2) 3D сканерлерде және CAD/CAM-да жұмыс істеу дағдыларын қолданбайды.	1) КТ панорамалық суреттер жиі оқытушының көмегін пайдаланады. 2) 3D сканерлерде жұмыс істеу дағдыларын қолдану қиынға соғады, CAD/CAM-мен	1) Оқытушының көмегімен КТ, панорамалық суреттерді түсіндіреді. 2) CAD/CAM қателері бар 3D сканерлерде жұмыс істеу дағдыларын қолданады.	1) панорамалық суреттерді өз бетінше түсіндіреді. 2) 3D сканерлерде және CAD/CAM-да жұмыс істеу дағдыларын қолданады.	



жұмыс істей алмайды.

ОН 3	Жақ-бет аймағында хирургиялық манипуляциялар жүргізу кезінде қолданылатын жергілікті анальгезия дағдыларын меңгерген.	1) Жақ-бет аймағында жергілікті анестезияны жүргізу дағдыларын меңгермеген. 2) Анестезияны жүргізу кезіндегі сақтық шаралары туралы білмейді.	1) Жақ-бет аймағында жергілікті анестезияны жүргізуде, қиындықтарға тап болады. 2) Мұғалім еске салғандағы анаестезияны жүргізген кезде сақтық шараларын қолданады.	1) Жақ-бет аймағында жергілікті анестезияның кейбір түрлерін жүргізу дағдыларын меңгерген. 2) оқытушының көмегімен анестезия жүргізу кезінде сақтық шараларын қолданады.	1) Жақ-бет аймағында жергілікті анестезияның барлық түрлерін жүргізу дағдыларын сенімді меңгерген. 2) анестезияны жүргізу кезінде барлық сақтық шараларын қолданады.
ОН 4	Клиникалық білімін көрсетеді және ауыз қуысына стоматологиялық имплантация, пародонт ауруларын емдеу технологиясы, бағытталған сүйек және тіндік регенерация әдістері бойынша дағдыларды меңгерген.	1) Ауыз қуысына стоматологиялық имплантация кезінде манипуляция жасамайды. 2) Бағытталған сүйек және тіндік регенерация әдістерін жүргізуде дағдыларды қолданбайды.	1) Оқытушының көмегімен ауыз қуысына стоматологиялық имплантация кезінде манипуляция жүргізуде қиындықтарға тап болады. 2) Бағытталған сүйек және тіндік регенерация әдістерін жүргізуде қателіктермен дағдыларды қолданады, көбінесе мұғалімнің көмегіне жүгінеді.	1) Оқытушының көмегімен ауыз қуысына стоматологиялық имплантация кезінде манипуляциялар жүргізеді. 2) Оқытушының көмегімен бағытталған сүйек және тіндік регенерация әдістерін жүргізуде дағдыларды қолданады.	1) Ауыз қуысына стоматологиялық имплантация кезінде манипуляцияларды дербес жүргізеді. 2) Бағытталған сүйек және тіндік регенерация әдістерін жүргізуде дағдыларды қолданады.
ОН 5	Тістің қатты тіндерінің, пародонт ауруларының және олардың асқынуларының алдын алу бойынша іс-шараларды жүргізу дағдыларын іске асырады.	1) Тістің, пародонттың қатты тіндерінің ауруларының профилактикасы бойынша іс-шараларды жүргізуде дағдыларды қолданбайды. 2) Асқынулардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізуде дағдыларды қолданбайды.	1) Мұғалімнің көмегімен тістің қатты тіндерінің, пародонт ауруларының алдын алу бойынша іс-шараларды жүргізу дағдыларын қолдану қиынға соғады. 2) Оқытушының көмегімен асқынулардың алдын алу бойынша іс-шараларды жүргізу дағдыларын қолдану қиынға соғады.	1) Мұғалімнің көмегімен тістің, пародонттың қатты тіндерінің ауруларының алдын алу бойынша іс-шараларды жүргізуде дағдыларды қолданады. 2) Оқытушының көмегімен асқынулардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізуде дағдыларды қолданады.	1) Тістің, пародонттың қатты тіндерінің ауруларының жөніндегі іс-шараларды жүргізуде дағдыларды дербес қолданады. 2) Асқынулардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізуде дағдыларды дербес қолданады.



ОН 6	Әріптестермен, мейірбикелермен және кіші қызметкерлермен, пациенттермен және олардың туыстарымен тиімді қарым-қатынас жасайды, хирургиялық қабылдауда пациенттер үшін психологиялық-педагогикалық сендіру әдістерін қолданады.	1) Әріптестерімен, медбикелерімен және кіші персоналмен, пациенттермен және олардың туыстарымен қарым-қатынас жасамайды. 2) Хирургиялық қабылдауда пациенттер үшін психологиялық-педагогикалық сендіру әдістерін пайдаланбайды.	1) Әріптестерімен, медбикелерімен және кіші персоналмен, пациенттермен және олардың туыстарымен қарым-қатынас жасау қиынға соғады. 2) Хирургиялық қабылдауда пациенттер үшін психологиялық-педагогикалық сендіру әдістерін пайдаланбайды.	1) Әріптестерімен, медбикелерімен және кіші персоналмен, пациенттермен және олардың туыстарымен пассивті қарым-қатынас жасайды. 2) Хирургиялық қабылдауда пациенттер үшін психологиялық-педагогикалық сендіру әдістерін сирек қолданады.	1) Әріптестерімен, мейірбикелерімен және кіші персоналмен, пациенттермен және олардың туыстарымен достық қарым-қатынасты оңай қалыптастырады. 2) Хирургиялық қабылдауда пациенттер үшін психологиялық-педагогикалық сендіру әдістерін қолданады.
-------------	--	--	--	---	---

Әріптік жүйемен	Бал жиынтығы	Пайызбен	Дәстүрлі баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Презентацияны бағалау тар:

Бақылау формасы	Баға	Бағалау критерийлері
Ауызша сұрау	Өте жақсы A (4,0;95-100%) A-(3,67;90-94%)	Білім алушы жауап беру кезінде оқытылатын пәннің теорияларын, тұжырымдамаларын және бағыттарын басшылыққа алып, оларға сыни баға бере алса, сонымен қатар басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін пайдалана отырып қателіксіз жауап берсе қойылады
	Жақсы B+(3,33;85-89%) B-(2,67; 75-79%) C+(2,33;70-74%)	Жауап беру барысында Білім алушы өрескел қателіктер жібермеген болса,бірақ жауап беру кезінде жіберген сәйкессіздікті немесе аса маңызды емес қателіктерді өз күшімен түзете алып, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алса қойылады
	Қанағаттанарлық C (2,0;65-69%) C-(1,67;60-64%) D+(1,33;55-59%) D(1,0; 50-54%)	Жауап беру кезінде Білім алушы түбегейлі қателіктер жіберсе, тек мұғалім көрсеткен оқу әдебиетімен шектеліп, материалды жүйелеуді орасан қиыншылықпен орындаған болса қойылады



Қанағаттанарлықсыз

FX (0,5; 25-49%)

F (0; 0-24%)

Жауап беру кезінде Білім алушы өрескел қателер жіберсе, сабақтың тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс істемеген болса, гистология мен физиология бойынша ғылыми терминологияны дұрыс қолдана алмаған жағдайда қойылады.

Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Тесттік тапсырмаларды орындау	Өте жақсы A (4,0;95-100%) A-(3,67;90-94%)	90-100 % тест тапсырмаларын дұрыс орындаса
	Жақсы V+(3,33;85-89%) V-(2,67; 75-79%) C+(2,33;70-74%)	75-89 % тест тапсырмаларын дұрыс орындаса
	Қанағаттанарлық C (2,0;65-69%) C-(1,67;60-64%) D+(1,33;55-59%) D(1,0; 50-54%)	50-74% тест тапсырмаларын дұрыс орындаса
	Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)	50% -дан төмен тест тапсырмаларын дұрыс орындаса

Бақылау формасы	Баға	Бағалау критерийлері
Тақырыпты таныстыру	Өте жақсы A (4,0;95-100%) A-(3,67;90-94%)	Білім алушы кемінде 5 әдеби дереккөзді пайдалана отырып көлемі кемінде 20 қысқа және мазмұнды слайдтармен қамтылған, нақты жоспары бар таңдалған тақырып бойынша презентацияны өз күшімен нақты белгіленген мерзімде дайындап, сол презентацияны қорғау барысында тақырыпқа сай диаграммалар, кестелер мен суреттерді ұсына отырып, тақырыпты терең меңгергендігін көрсете білсе және барлық сұрақтарға нақты жауап берсе қойылады.
	Жақсы V+(3,33;85-89%) V-(2,67; 75-79%) C+(2,33;70-74%)	Білім алушы кемінде 5 әдеби дереккөзді пайдалана отырып көлемі кемінде 20 қысқа және мазмұнды слайдтармен қамтылған, нақты жоспары бар таңдалған тақырып бойынша презентацияны өз күшімен нақты белгіленген мерзімде дайындап, сол презентацияны қорғау барысында тақырыпқа сай диаграммалар, кестелер мен суреттерді ұсына отырып, тақырыпты жақсы меңгергендігін көрсете білсе және сұрақтарға жауап беру кезінде болмашы қателіктер орын алған жағдайда қойылады
	Қанағаттанарлық C (2,0;65-69%) C-(1,67;60-64%) D+(1,33;55-59%) D(1,0; 50-54%)	Білім алушы 5-тен кем әдеби дереккөзді пайдалана отырып көлемі кемінде 20 мазмұны мәнсіз слайдтармен қамтылған, нақты дайындалмаған жоспары бар таңдалған тақырып бойынша презентацияны өз күшімен нақты белгіленген мерзімде дайындап, сол презентацияны қорғау барысында ұсынған тақырыпқа сай диаграммалар, кестелер мен суреттері жеткіліксіз болса, тақырып бойынша сұрақтарға сенімсіз жауап беріп, өрескел қателіктерге жол қойған жағдайда қойылады.



Қанағаттанарлықсыз
FX (0,5; 25-49%)
 F (0; 0-24%)

5 Білім алушы тақырып бойынша презентацияны белгіленген уақытта дайындамаған немесе оны белгіленген уақытта дайындағанмен дәл емес, көлемі 20-дан аз мәнсіз слайдтан, әдеби дереккөздерді көрсетілмеген, жоспары жоқ, ал сұрақтарға жауап беру кезінде өрескел қателіктер жіберген немесе сұрақтарға жауап бере алмаған және рефератты қорғай алмаған жағдайда қойылады..

Бақылау формасы	Баға	Бағалау критерийлері
Жағдаяттық есептерді шешу	Өте жақсы 95-100 балл 90-94 балл	Білім алушы жағдаяттық есепті шешуде қателіктер жібермеді, оқытылатын пәннің теорияларын, тұжырымдамаларын және бағыттарын басшылыққа алды, пәнаралық байланысты пайдаланды. Ғылыми терминологияны пайдаланды. Ол аурудың негізгі белгілерін анықтады, диагноздың критерийлері мен қосымша әдістерін дұрыс көрсетті, жағдаяттық есеп деректері мен қосымша зерттеу деректерін дұрыс түсіндірді.
	Жақсы 85-89 балл 80-84 балл 75-79 балл 70-74 балл	Білім алушы жағдаяттық есепті шешу барысында өрескел қателіктер жібермеді, бірақ кемшіліктермен принципиалды емес қателіктерге жол қойды және оларды өз күшімен түзете алды. мұғалімнің көмегімен жағдаяттық есептің мәліметтерін және қосымша зерттеу әдістерін жіктеуге, түсіндіруге қол жеткізді..
	Қанағаттанарлық 65-69 балл 60-64 балл 50-54 балл	Жағдаяттық есепті шешу барысында Білім алушы түбегейлі қателіктер жіберді, тек мұғалім көрсеткен оқу әдебиетімен шектелді, жағдаяттық есептің мәліметтерін және қосымша зерттеу әдістерін талдауда үлкен қиындықтарға тап болды.
	Қанағаттанарлықсыз 0-49 балл	Білім алушы жағдаяттық есепті шешу барысында өрескел қателіктер жіберді, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттерді пысықтамаған, ғылыми терминологияны пайдалана алмады. Жағдаяттық есепті мұғалімнің көмегімен шеше алмады.

Бақылау формасы	Баға	Бағалау критерийлері
Практикалық жұмысты орындау	Өте жақсы A (4,0;95-100%) A-(3,67;90-94%)	жұмыс орны манипуляцияларды орындауға дайындық үшін барлық талаптарға сәйкес жабдықталған; практикалық әрекеттер манипуляцияларды орындау алгоритміне сәйкес ретімен орындалады; пациенттің және медициналық персоналдың қауіпсіздігіне қойылатын барлық талаптар сақталады; уақыт шегі сақталады; жұмыс орны санитарлық-эпидемиялық режимнің талаптарына сәйкес тазаланады; барлық әрекеттер негізделген.
	Жақсы B+(3,33;85-89%) B-(2,67; 75-79%) C+(2,33;70-74%)	практикалық манипуляцияларды орындау үшін жұмыс орны толығымен дербес жабдықталмаған; практикалық іс-әрекеттер дәйекті, бірақ сенімсіз орындалады; емделушімен медициналық персоналдың қауіпсіздігіне қойылатын барлық талаптар сақталады; уақыт регламенті сақталмайды; жұмыс орны санитарлық-эпидемиялық режимнің талаптарына сәйкес



		жиналады; барлық іс-әрекеттер оқытушының нақтылау сұрақтарымен негізделеді;
	Қанағаттанарлық С (2,0;65-69%) С-(1,67;60-64%) Д+(1,33;55-59%) Д(1,0; 50-54%)	практикалық манипуляцияларды орындау үшін жұмыс орны толық жабдықталмаған; оларды орындау дәйектілігі бұзылған; іс-әрекеттер белгісіз, іс-әрекеттерді негіздеу үшін оқытушының жетекші және қосымша сұрақтары мен түсініктемелері қажет; пациент пен медициналық персоналдың қауіпсіздігіне қойылатын барлық талаптар сақталады; жұмыс орны санитариялық-эпидемиялық режим талаптарына сәйкес тазартылады
	Қанағаттанарлықсыз FХ (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)	жұмыс орнын дайындауға тосқауылдар орын алған, практикалық манипуляцияларды өз бетінше орындай алмау; пациенттің және медициналық персоналдың қауіпсіздігін бұзатын әрекеттер жасалады, санитариялық-эпидемиялық режимнің, аппаратурамен, пайдаланылатын құрал-саймандармен және материалдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасының талаптары бұзылады.

11. Оқу ресурстары

Электрондық ресурстар, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: дереккорлар, анимациялар Симуляторлар, кәсіби блогтар, веб-сайттар, басқа да электрондық анықтамалық материалдар (мысалы: бейне, аудио, дайджестер)

Электрондық кітаптар ТемуровФ.Т.Хирургиялық стоматология.Оқулық,2016/<https://aknurpress.kz/login>

Темуров Ф.Т. Жақ-бет сүйегі аймағының қабыну аурулары және оны емдеу ерекшеліктері. Оқуқұралы.2019/<https://aknurpress.kz/login>

КожановаР.Т.,БирмухановаА.У.,АбдрахмановР.А.Тіс техникалық материалтану.Оқу құралы/2016.-68 б.<https://aknurpress.kz/login>

Ибрагимова, Р. С.Нейростоматологические заболевания [Электронный ресурс] : учебное пособие / Р. С. Ибрагимова ; Казахский Национальный Университет им. С. Д. Асфендиярова. -Алматы : [б. и.], 2021. <http://elib.kaznu.kz/>

Основные заболевания слизистой оболочки рта[Текст] : атлас / С. И. Бородовицина, Н. А. Савельева, Г. С. Межевикина [и др.]; Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования [и др.]. - Рязань : Б.и., 2019. - 315 с. <http://elib.kaznu.kz/>

Электронды деректер базалары

№	Атауы	Сілтеме
1	ОҚМА Репозиторийі	http://lib.ukma.kz/repository/
2	Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана	http://rmebrk.kz/
3	Консультант Білім алушыа	http://www.studmedlib.ru/
4	Открытый университет Казахстана	https://openu.kz/kz
5	«Заң» нормативтік-құқықтық актілер базасы	https://zan.kz/ru
6	«Параграф Медицина» ақпараттық жүйесі	https://online.zakon.kz/Medicine/



7	Научная электронная библиотека	https://elibrary.ru/
8	Ашық кітапхана	https://kitap.kz/
9	Thomson Reuters	www.webofknowledge.com
10	ScienceDirect	http://www.sciencedirect.com/
11	«Aknurpress» сандық кітапхана	https://aknurpress.kz/login
12	Scopus	https://www.scopus.com/

Әдебиеттер

Негізгі: Хирургическая стоматология : учебник / под ред. В.В. Афанасьева . - 3-е изд., перераб. . - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2019. - 400

Челюстно-лицевая хирургия : учебник / под ред. А.Ю. Дробышева, О.О. Янушевича. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2018. - 880 с

Дуйсеева Г.Ш. Современные аспекты боли и местного обезболивания в стоматологии : учебник / Г.Ш.Дуйсеева, С.Р.Рузуддинов. - Алма-Ата : New book, 2019. - 176 с

Оразалин, Ж. Б. Хирургиялық стоматология: оқулық / Ж. Б. Оразалин, Қ. Т. Төлеуов. - Алматы : Білім, 1998. - 368 бет. с.

Сағындық , Х. Л. Тіс имплантологиясының негіздері [Мјтін] : оқу-јдістемелік кірал / Х. Л. Сағындық , Д. Е. Адильбеков. - Караганда : Medet Group, 2021. - 184 с. 20экз.

Есім, J. Ж. Балалардыс бет-жақсйек хирургиясы [Мјтін] : баснұсқама / J. Ж. Есім, Г. Т. Ермуханова. - Алматы : АҚНҰР, 2018. - 286 с

12. Пәннің саясаты

Пәнді меңгеру үшін қойылатын талаптар:

1. Себеписіз сабақтан қалмау;
2. Сабаққа кешікпеу;
3. Сабаққа формамен келу;
4. Тәжірибелік сабақтарда белсенді болу;
5. Сабаққа дайындалып келу;
6. Білім алушының өзіндік жұмыстарын уақытылы кесте бойынша тапсыру;
7. Сабақ үстінде басқа іспен шұғылданбау;
8. Сабырмен өзін-өзі ұстай білу, оқытушыларды және өзімен бірге оқитын жолдастарын сыйлау, мейірімді болу;
9. Кафедраның мүліктеріне қамқорлық жасау.
10. Білім алушылардың білімдерін аралық бақылау бір академиялық кезеңде екі реттен кем емес теориялық оқытудың 7/14 апталарында жүргізіледі, аралық бақылау қорытындысы оқу үлгерім журналына және электронды журналға дәріске қатыспағаны үшін айып балын ескере отырып қойылады (дәріске қатыспаған жағдайда айып балы аралық бақылау бағасынан алынады). Дәрістің бір сабағына қатыспаған жағдайда 1,0 балл айып балы алынады. Себеписіз аралық бақылауға қатыспаған білім алушы пән бойынша емтихан тапсыруға жіберілмейді. Аралық бақылау қорытындысының мәліметі бақылау аптасының соңында деканатқа өткізіледі.
11. БӨЖ бағасы кестеге сәйкес сабақ барысында оқу үлгерім журналына және электронды журналға БӨЖ сабағына қатыспағаны үшін айып балы ескеріле отырып қойылады. БӨЖ-дің бір сабағына қатыспаған жағдайда айып балы 2,0 балды құрайды.

13. Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат



1	ОҚМА веб-сайты: https://ukma.kz/
2	АО ОҚМА академиялық саясат № 4п. Білім алушы ар-намыс кодексі https://base.ukgfa.kz/wp-content/uploads/2022/11/%D0%90%D0%BA%D0%B0%D0%B4%D0%B5%D0%BC%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F-%D0%BF%D0%BE%D0%BB%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0-%D0%90%D0%9E-%D0%AE%D0%9A%D0%9C%D0%90-2022.pdf
3	<p>Пән бойынша баға қою саясаты</p> <p>Білім алушының курс аяқталғаннан кейінгі қорытынды бағасы (ҚБ) рұқсат беру рейтингісінің (РБР) бағасы мен қорытынды бақылау бағасының (ҚББ) қосындысынан тұрады және балдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес қойылады.</p> $ҚБ = РБР + ҚББ$ <p>Рұқсат беру рейтингісін бағалау (РБР) 60 балға немесе 60% - ға тең және мыналарды қамтиды: ағымдағы бақылауды бағалау (АББ) және межелік бақылауды бағалау (МББ).</p> <p>Ағымдағы бақылауды бағалау (АББ) практикалық сабақтар мен БӨЖ сабақтарының орташасын бағалауды білдіреді.</p> <p>Межелік бақылауды бағалау (МББ) екі межелік бақылаудың (МББ) орташа бағасын білдіреді.</p> <p>Рұқсат беру рейтингісінің бағасы (60 балл) мына формула бойынша есептеледі::</p> $РБРорт * 0,2 + АББорт * 0,4$ <p>Қорытынды бақылау (ҚБ) тестілеу нысанында өткізіледі және білім алушы 40 балл немесе жалпы бағаның 40% - ын ала алады.</p> <p>Тестілеу кезінде білім алушыға 50 сұрақ ұсынылады.</p> <p>Қорытынды бақылауды есептеу мынадай түрде жүргізіледі: егер білім алушы 50 сұрақтың 45-іне дұрыс жауап берсе, бұл 90% құрайды.</p> $90 \times 0,4 = 36 \text{ балл.}$ <p>Қорытынды баға, егер білім алушының жіберу рейтингісі бойынша (ЖР) =30 балл немесе 30% және одан жоғары, сондай-ақ қорытынды бақылау бойынша (ҚБ)=20 балл немесе 20% және одан жоғары оң бағалары болған жағдайда есептеледі.</p> <p>Қорытынды баға (100 балл) = РБР орт* 0,2 + МББ орт* 0,4 +ҚБ* 0,4 бақылау түрлерінің бірі (МБ1, МБ2, АБорт) үшін қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы емтиханға жіберілмейді.</p> <p>Айыппұл балдары ағымдағы бақылаудың орташа бағасынан алынады</p>

14. Бекіту және қайта қарау			
Кафедрада бекітілген күні	Хаттама	Кафедра меңгерушісі	Қолы
« 06 » 06 2023 г	№ 11	Шукларов А.Б.	
ББК мақұлданған күні	Хаттама	ББК төрағасы:	Қолы
« 15 » 06 2023 г	№ 11	Кембаева Л.О.	

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA

AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL

ACADEMY

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы

044-45/11

Силлабус

15 беттің 15 беті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA

AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL

ACADEMY

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы

044-45/11

Силлабус

15 беттің 16 беті